

**6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша философия (PhD) докторы  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияға**

**АННОТАЦИЯСЫ**

**Сабитов Серик Мухаметказинович**

**Қазақстан Республикасында жеке детективтік қызметті реттеудің  
қылмыстық іс жүргізу мәселелері**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Әр азаматқа оның құқықтары мен бостандықтарына кепіл беретін азаматтық қоғам құру міндеті, сонымен қатар жеке тұлға ретінде өзін өзі іске асыру мүмкіндігі Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген. Атап айтқанда, еліміздің Ата заңында әркімнің өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға, еңбекті таңдау құқығына, қызмет түрі мен мамандығын еркін таңдауға хақылы деп белгіленген.

Осылайша, дамудың қазіргі кезеңіндегі мемлекеттің рөлі жеке адамның құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуден ғана емес, азаматтардың өзін-өзі дамыту және өзін-өзі іске асыру құқығын тануда, олардың әрқайсысына мемлекетке, қоғамға және жеке адамға пайдасы тиетін белгілі бір кәсіби қызметпен айналысу үшін тең мүмкіндіктер мен жағдайларды қамтамасыз етуден тұрады. Қазіргі уақытта қоғамымызда құқық қолдану функциясы тек мемлекеттік уәкілетті органдардың құқық қорғау жүйесімен ғана емес, сонымен бірге жеке (мемлекеттік емес) құқық қорғау ұйымдарының жекелеген субъектілерімен де қамтамасыз етілетіндігі туралы барлық заңды жағдайлар мен негіздер бар. Мысал ретінде жеке нотариустардың, сарапшылардың, адвокаттардың, сот орындаушыларының және жеке күзет қызметтерінің жеке тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуі болады.

Сонымен бірге, жеке детективтің (іздеудің) қызметімен байланысты құқық қорғау және қоғамдық қатынастардың жеке (үкіметтік емес) нысандары ғылыми және нормативтік-құқықтық жұмыстар шеңберінен тыс қалады. Жеке детективтік қызметтің негізгі мақсаты - жеке тұлғалардың құқықтарын қорғау бойынша құқықтық көмек көрсету, азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктері мен мүліктерінің сақталуын қамтамасыз ету, оның ішінде құқық қорғау органдарына қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы күресте олардың алдын-алу бойынша көмек көрсету болып табылады.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі жеке детективтік қызметінің құқықтық негіздері Қазақстан Республикасында ресми түрде бекітілмегендігінде жатыр. Сонымен қатар, қоғамдық қатынастардың жасырын түрінде жеке детектив қызметі коммерциялық және басқа ұйымдарға (мысалы, ірі кәсіпорындарда, банктерде), оның ішінде жеке азаматтарға defactotүрінде көрсетіледі. Бұл қызметтер, атап айтқанда, өнеркәсіптік тыңшылықты анықтау, ұрланған мүлікті, көлік құралдарын

және басқа да мүлікті іздеу, коммерциялық немесе басқарушылық қызметпен байланысты ұйымдар мен кәсіпорындарға қызметкерлерді жалдау кезінде және т.б. сияқты бағыттарда қолданылады. Жеке детективтік қызметпен айналысу құқығына заңды рұқсатты алмастан жеке күзет мекемелері мен ұйымдар, жеке азаматтар заңсыз негізде заңды және жеке тұлғаларға аталған қызмет түрлерін көрсететіні алаңдатарлықтай жағдай. Жеке детектив қызметі аталған субъектілерге өтелмелі негізде, яғни көрсетілген көмек үшін ақшалай немесе өзге материалды сыйақы алумен аяқталады. Жеке детективтік қызметтің құқықтық реттелмеуі осындай қызметтерді көрсететін тұлғаларға салық, лицензия және мемлекеттік бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерден, тұтынушылар мен мемлекет бақылауындағы органдар алдындағы жауапкершіліктен жалтаруға мүмкіндік береді.

Сонымен, ең бастысы, осындай қызмет түрлерін ұсынатын жеке детективтің қызметін реттейтін нормалар, бақылау және құқықтық жауапкершіліктің болмауы адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының бұзылуының нәтижесінде қайтымсыз салдарға әкелуі мүмкін.

Аталған мәселелерді ескере отырып, Республикамызда жеке детективтік қызметті заңдастыру және құқықтық реттеу қажеттілігі туындап отыр деп санаймыз.

Бұл міндеттерді Ұлт Көшбасшысы – Елбасы өзінің «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығында атап өткен, нақтырақ (п.10): «мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп Республикада жеке детективтік қызмет институтын енгізу туралы ұсыныстар берсін».

Азаматтардың, оның ішінде қылмыстық процестік қатынастарға тартылған, қылмыстық процесте мүдделері қозғалған адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қамтамасыз ету мәселелерін шешу үшін әртүрлі мемлекеттік емес құқық қорғау органдарының, ұйымдары мен бірлестіктерінің қатысуын жандандыру қажет. Жоғарыда аталған тұлғалардың құқық қолдану жүйесі мен осы саладағы жауапкершілікті бөлу жүйесіне қатысуы құқық қорғау қызметінің негізгі мақсатына - адам құқықтары, оның ішінде қылмыстық-процестік қатынастар саласындағы функцияларды тиімді іске асыруға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Ақылы негізде көмек көрсететін немесе жәбірленушіге, қорғаушыға, күдіктіге (айыпталушыға) дәлелдемелер жинау қызметін ұсынатын адамдардың жағдайын нормативті түрде бекітілмеген. Сондықтан, қылмыстық процестік қатынастардың жаңа субъектілерінің, соның ішінде жеке детективтің қылмыстық процесте пайда болуына ықпал ете алатын құқықтық актілер қажет және бұл актілер жоғарыда аталған адамдардың ықтимал дәлелдерді немесе басқа ақпаратты іздестіруге және жинауға жәрдемдесуі тиіс. Бұл жағдайда жеке детективтік қызметке қатысты мемлекеттің құқық шығармашылық қызметі қызмет көрсетудің өркениетті нарығын қалыптастыруға бағытталуы қажет, күдіктінің (айыпталушының), жәбірленушінің және өзге тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін

және құқықтарын қорғауға көмек көрсету механизмімен байланысты проблемаларды шешуге бағытталуы керек.

Үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының республикадағы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысу жүйесі мен динамикасы қалыптасу кезеңінде. Сонымен бірге, белгілі бір ықтималдылықпен, мысалы, жеке күзет компаниялары азаматтардың және заңды тұлғалардың мүлкін, жеке меншігін қорғау қызметтерін ұсыну саласын игерді және қоғамдық қауіпсіздік жүйесіне тиісті түрде қатысады деп айтуға болады. Бұл жағдай болашақта үкіметтік емес қауіпсіздік ұйымдары республиканың құқық қорғау жүйесіне құқық бұзушылықтармен күресте тиімді ықпал етеді және көмектеседі деп сендіруге мүмкіндік береді.

Осылайша, зерттеудің өзектілігі жоғарыда келтірілген дәлелдерге негізделген. Ресми статистикалық деректерді талдау, жеке детективтердің қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудегі халықаралық тәжірибенің синтезі және олардың қылмысқа қарсы күресте өзара әрекеттесуі осы мәселені жан-жақты зерделеудің және ғылыми негізделген ұсыныстарды әзірлеудің тиімді алғышарттарын жасайды. Жалпы, бұл қылмыстық процесстегі мәселелерді шешу үшін қылмыстық іс бойынша жеке детективтік қызметтің нәтижелерін пайдаланудың құқықтық тетіктерін құруға ықпал етеді.

Мәселені теориялық зерттеудің жай-күйіне шолу. Заң әдебиеттерінде меншік түріне қарамастан қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың қатысуымен қылмысқа қарсы күрестің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері қарастырылған. Бұл мәселелер бойынша зерттеулерді Э.О. Алауханов, А.А. Ағыбаев, А.И. Гуров, О.А. Евланова, Б.Е. Сыздық және т.б. жүргізген.

Жеке детективтің қылмыстық процестерге қатысуын мемлекеттік құқықтық реттеу проблемаларын көптеген авторлар, ең алдымен Ресей Федерациясының процесстік ғалымдары зерттеді. Атап айтқанда, В.А. Азаров, А.В. Агутин, М. Александров, Р.Ф. Асанов, Н.Н. Гусев, Т.Е. Зульфургарзаде, П.В. Иванов, В.И. Козлов, А.В. Рат, Т.Г. Матвеева, В.Г. Семенов, В.Т. Томина, Н.Г. Хижняков, В.В. Шестаков, А.Ю. Шумилов және т.б.

Қылмыстық іс жүргізу құқығы ғылымында қоғамның қатысуымен, қылмыстық істерді тергеу мен қарауда үшінші тұлғалардың қатысуымен байланысты мәселелер бірнеше мәрте қарастырылып және зерттеу нысаны болған. Сонымен қатар, қылмыстық процестің нақты қатысушысының мәртебесін анықтау және оған кең түсінік беру қажеттілігін С.А. Альперт, А.Н. Ахпанов, В.П. Божиев, С.Ф. Бычкова, Л.В. Воронина, А.Я. Вишинский, А.Я. Гинзбург, Л.Е. Досқалиев, А.А. Исаев, М.Ч. Когамов, Л.Д. Кокорев, Д.К. Канафин, М.М. Михиенко, Г.Х. Насыров, С.Д. Оспанов, Т.Е. Сарсенбаев, Ғ.Ж. Сүлейменова, В.М. Савицкий, М.С. Строгович, Р.Д. Рахунов, Б.Х. Төлеубекова, Ф.Н. Фаткулин, А.Л. Хан, А.Д. Шаймұханов және тағы басқалар зерттеген.

Осы жұмыста көтерілген мәселелердің көпшілігі бұрын қазақстандық ғалымдар тарапынан талданбаған.

**Зерттеу мақсаты.** Диссертациялық зерттеудің мақсаты - жеке (мемлекеттік емес) детективтік қызмет субъектілерінің қылмыстық сот өндірісіне қатысу тетігін жасау, олардың құқықтық мәртебесін, жауапкершілігін, осындай қызметтің мәні мен шектерін, процестің басқа қатысушыларымен өзара әрекеттесу мәселелерін, сонымен қатар қылмыстық процес аясында олардың қызметінің нәтижелерін қолдану бойынша заңнамалық ұсыныстар қалыптастыру болып табылады.

Осы мақсатты шешу үшін зерттеушіге келесі міндеттер жүктелген:

- мемлекеттік емес құқық қорғау органдары субъектілерінің қатысуымен қылмыстылықпен күрес мәселелерінің ғылыми даму жағдайын анықтау;

- заңдастыру және жеке детективтің қылмыстық іс жүргізу құқықтық қатынастарына қатысу қажеттілігінің теориялық және құқықтық негіздемесін жүргізу, оның ішінде байланысты гуманитарлық мәселелерді шешу тұрғысында;

- қылмыстық процеске қатысушыларға, сондай-ақ оның заңдық және өзге де қызмет түрлерін көрсетудегі функцияларына байланысты жеке детективті жіктеуді белгілеу жөнінде ұсыныстар тұжырымдайды;

- жеке (мемлекеттік емес) детективтік қызметтің нәтижелерін қылмыстық істерде пайдаланудың шетелдік тәжірибесі негізінде теориялық болжамдар әзірлеу және адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету үшін жеке детективтің қылмыстық процеске қатысу қажеттілігін негіздеу;

- гуманитарлық мәселелерді шешу контексінде жеке детективтің қылмыстық іс жүргізу құқықтық қатынастарына қатысуын заңдастыру қажеттілігінің теориялық және құқықтық негіздемесін жүргізу;

- қылмыстық процеске қатысушыларға, сондай-ақ оның заңдық және өзге де қызмет түрлерін көрсетудегі функцияларына байланысты жеке детективті жіктеуді белгілеу жөнінде ұсыныстар жасау;

- жеке (мемлекеттік емес) детективтік қызметтің нәтижелерін қылмыстық істерде пайдаланудың шетелдік тәжірибесі негізінде теориялық болжамдар әзірлеу және адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету үшін жеке детективтің қылмыстық процеске қатысу қажеттілігін негіздеу;

- қылмыстық іс жүргізу, сот-медициналық және өзге де құқықтық әдебиеттерді зерделеу, эмпирикалық деректерді талдау негізінде жеке (мемлекеттік емес) детективтік қызметтің қылмыстық істерді тергеуге және қарауға тиімді қатысуын қарастыру;

- Қазақстан Республикасының әлеуметтік-құқықтық саясатын, тергеу және сот практикасын, прокуратураның статистикалық мәліметтерін, ішкі істер органдарын, заңгерлік кәсіпті, жеке (мемлекеттік емес) күзет қызметі мен кәсіпорындар мен ұйымдардың күзет қызметтерін (меншік түріне қарамастан) талдау негізінде - заңның үстемдігін қамтамасыз ету, қылмыстық

процесске қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі жеке (мемлекеттік емес) детективтік қызметтің рөлін анықтау;

- үкіметтік емес күзет органдарының, кәсіпорындардың күзет қызметтерінің, коммерциялық банктердің осы органдардың азаматтар мен ұйымдардың өмірін, денсаулығы мен мүлкін қорғау үшін жеке детективтік қызметтердің функцияларын пайдалануы жағдайына талдау жасау;

- жеке детективтің іс жүргізу мәртебесі мен орнын сипаттау, қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген органдармен және лауазымды адамдармен, сондай-ақ жәбірленушімен және оның заңды өкілдерімен, күдіктімен (айыпталушымен) және оның қорғаушысымен қылмыстық іс жүргізу қатынастарының механизмін анықтау;

- жеке (мемлекеттік емес) детективтік қызметтің алдын-ала тергеу және анықтау органдарымен, заңгерлік кәсіппен, сондай-ақ жеке детективтің қызметіне мұқтаж басқа адамдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылының сипатын, нысандарын, түрлері мен шарттарын анықтау;

- жеке (мемлекеттік емес) детективтік қызмет субъектілері тарапынан Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарға және өзге де нормативтік құқықтық актілерге қайшы келетін заңсыз әрекеттер мен шешімдердің алдын алу мақсатында жеке детективтің құқықтық кепілдіктерін жүйелеу;

- заңнамалық тұрғыдан қылмыстық процестік заңдардағы жаңалықтар, сондай-ақ қылмыстық процестік қатынастарға жеке детективтің қатысуы туралы ұсыныстар әзірлеу және ұсыну.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Қылмыстық процестің отандық ғылымында жеке детективтің қылмыстық іс жүргізуге қатысудың мәселелері бұрын қаралмаған. Сондықтан, осы диссертациялық зерттеу деңгейінде біз Қазақстан Республикасында алғаш рет ғылыми талдау жүргізуге, жеке детективтің іс жүргізу мәртебесінің доктриналық моделін және оны заңнамалық тұрғыда іске асырудың перспективаларын құруға, оның қылмыстық процестегі орнын зерделеуге тырысамыз.

Автор алғаш рет арнайы зерттеуде жеке (мемлекеттік емес) детективтік қызмет субъектілерінің қылмыстық процесске қатысуының теориялық, ұйымдастырушылық, әдістемелік және қолданбалы негіздерін жан-жақты, жүйелі түрде ғылыми тұрғыдан зерттеген. Автор жеке детективтің процестік-құқықтық мәртебесін жеке-дара, істің нәтижесіне қызығушылық танытпайтын, қылмыстық іс жүргізу қатынастарының фигурасы ретінде болжамалы түрде қарастырған.

Қылмыстық іс жүргізу құқығы теориясының аясында жеке детективтің қылмыстық іс жүргізу саласында жұмыс істейтін адамдарға құқықтық қызмет көрсетудің ұлттық құқықтық механизмі жасалды; жеке тергеушінің қылмыстық процестің қатысушысы ретіндегі құқықтық мәртебесін және жіктелуін айқындау бойынша ұсыныстар берілген; жеке (мемлекеттік емес) детективтік қызметтің субъектісі мен қылмыстық процестің қатысушыларымен қатынастарды орнату, қылмыстық істерді объективті

тергеу, қарау және шешу үшін ықтимал дәлелдемелерді тиімді жинауға, тексеруге, бағалауға және қолдануға ықпал ететін ұсыныстар берілген.

Қорғауға ұсынылатын теориялық ережелер.

1 Тараптардың жарыспалылығы және теңдік қағидасын іске асыру контекстінде Қазақстан Республикасында жеке детективтік қызметті заңнамалық тұрғыдан заңдастыру, ең алдымен сотқа дейінгі тергеу сатысында, сондай-ақ гуманитарлық мәселелерді мультипликативті шешу қажеттілігін теориялық және құқықтық негіздеу.

2 Жеке детективтік қызметінің гнесеологиялық құрылымы келесі элементтерден қалыптасады: а) құқық қолдану саласының мемлекеттік және мемлекеттік емес салаларының арақатынасы; б) қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы күресте және олардың алдын-алуда жеке сектордың рөлі; в) қылмыстық істерге қатысу процесінде өзі мүдделері үшін әрекет ететін адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін жеке детективтің іздестіру-танымдық қызметініңпәні, шегі мен әдістері (әдістері) (осы аспект бойынша «Жеке детективтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы түбегейлі қайта қараудықажет етеді).

3 Автор халықаралық құқық нормаларын, Қазақстан Республикасының Конституциясын, конституциялық заңдарды, заңдарды және жеке детективтік қызметке байланысты басқа да нормативтік құқықтық актілерді жеке (мемлекеттік емес) детективтік қызметтің заңды қайнар көзі ретінде пайдалану бойынша әдістемелік ұсыныстар ұсынады.

4 Жеке (мемлекеттік емес) детективтік қызметтің нәтижелерін пайдаланудың тиімді ұлттық тетігін құру жекелеген елдердің жеке детективтік қызмет саласындағы апробацияланған шетелдік тәжірибені жан-жақты зерттеуге және бейімдеуге байланысты болады.

5 Қылмыстық процестегі жеке (мемлекеттік емес) детективтік қызметтің рөлін анықтау үшін жеке детективтік қызмет субъектілерінің қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу, тергеу және алдын-алу, сондай-ақ өтелетін негізде қорғаушы тарапқа және қылмыстық істің нәтижесіне мүдделі басқа адамдарға заңгерлік көмек пен заңдық қызметтер көрсету үшін тергеушілермен, құқық қорғау органдарының жедел-іздестіру бөлімшелерінің қызметкерлерімен өзара іс-қимылының құқықтық негізін анықтау қажет.

6 Жеке сыщиктің қатысуымен байланысты қылмыстық іс жүргізу қатынастарының пайда болуы кезінде автор заңның сақталуына, адам мен азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың құқықтық кепілдіктерін белгілейтін ұсыныстар ұсынады, олардың шарттары:

- жеке (мемлекеттік емес) детективтік қызметтің негізгі мақсаттары мен міндеттерін нақты анықтау;

- жеке детективтің қызметіне мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғаларының соттық және прокурорлық қадағалауы;

- жеке детективтерге, сондай-ақ жеке (мемлекеттік емес) детективтік қызметтің ұсынатын қызметтерін пайдалануға ниет білдірген адамдарға қойылатын талаптар;

- лицензиялардың күшін жою және жеке (мемлекеттік емес) детективтік қызметпен байланысты азаматтарға қызмет көрсету құқығына тыйым салу тәртібі;

- өз қызметінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзатын заңсыз әдістер мен әдістерді пайдаланғаны үшін жеке детективтің қылмыстық, азаматтық, әкімшілік жауаптылығы.

**1-тарау «Жеке детективтік қызметті заңнамалық реттеудің теориялық және құқықтық алғышарттары» деп аталады.**

**1.1-бөлімде** жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету процесінде жеке детективтің танымдық және әдістемелік қызметінің ғылыми негіздемесі келтірілген. Жеке детективтің қылмыстық іс бойынша объективті шындықты анықтауға бағытталған қызметінің гнесеологиялықшарттылығы философиялық, гуманитарлық және қылмыстық іс жүргізу тұрғысынан ашылады.

**1.2 бөлімде** Қазақстан Республикасындағы жеке детективтік қызметтің құқықтық алғышарттары болуы мүмкін нормативтік құқықтық актілерге назар аударылады. Ұлттық заңнаманы жүйелеу негізінде жеке детективтің қызметін реттеуге негіз бола алатын құқықтық қайнар көздер анықталды.

**1.3-бөлімде** жеке детективтің қылмыстық істерге қатысуының шетелдік тәжірибесі зерттелген. Азаматтарға, коммерциялық және басқа ұйымдарға қызмет көрсетудің өркениетті нарығы дамыған елдердің тәжірибесі зерттелді, қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жүйесінде жеке детективтік қызметтің жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасалды. Шетелдік тәжірибені зерделеу барысында жеке тергеудің пайда болуы мен дамуының тарихи тамыры айқындалады. Жеке тергеушінің іс-әрекетін талдау олардың қылмысты ашу мен тергеудің тәуелсіз субъектілері болғанын және сонымен бірге қоғам мен мемлекеттегі құқықтық тәртіп жүйесіне қатысты деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Жеке тергеулердің қылмыстық тергеу процесіне қатысуы үшін құқықтық жағдай жасаудағы Англия, Германия, Италия, Франция, АҚШ және басқа елдердің тәжірибесі, гипотетикалық жеке тергеулерді заңдастырудың барлық тарихи, заңды және нақты алғышарттарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесіне пайдалы болуы мүмкін.

**2-бөлім** «Қылмыстық сот жүйесіндегі жеке детектив» деп аталады.

**2.1-бөлімде** Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде жеке детективтің іс жүргізушілік құқықтық мәртебесі көрсетілген. Жеке детективтің қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуы, оны қылмыстық процестік қатынастарға тарту тұрғысынан, жеке детективтің іс жүргізу мәртебесін, сондай-ақ оның қылмыстық процестің қатысушысы ретінде жіктеуі тұрғысынан қарастыру қажет. Қылмыстық іс жүргізудегі жеке детективтің іс жүргізу мәртебесін анықтау үшін жеке детективтік қызметтің құқықтық сипатын анықтау қажет. Айта кету керек, қоғамда тұрақты дамудың және жеке детективтік қызметті қалыптастырудың маңызды құралы оның құқықтық негізі және ұғымдық аппараты болып табылады. Тек осы негізгі белгілерге сүйене отырып, біз жеке детективтік қызметтің құқықтық

перспективасын қарастырып, оның қылмыстық процестің қатысушысы ретіндегі біліктілігі туралы қорытынды жасай аламыз.

Жеке детективтік қызмет - бұл заңмен қарастырылған жеке адамдар мен бірлестіктердің, жеке тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында келісім-шарт негізінде қызмет көрсететін жеке детективтік қызмет түрі.

Осылайша, жеке детективтік қызметтің ұғымдық аппараттарының ішкі мазмұны мыналардан тұрады: біріншіден, заңға негізделген қызметтің лицензияланған түрі; екіншіден, жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде қылмыстық істер бойынша қызмет көрсетуге бағытталған атқару функциясы; үшіншіден, заңмен белгіленген барлық талаптарға жауап беретін жеке тұлғалар мен ұйымдар жеке детектив бола алады; төртіншіден, жеке детектив мен клиенттің құқықтық қатынастары олардың арасындағы екіжақты келісім (шарт) негізінде туындайды; бесіншіден, жеке тергеулердің қызметі жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың және қорғаудың құқықтық кепілдіктерін беруге бағытталған.

Жеке детективтің жіктелуін келесі шарттар бойынша анықтауға болатындығын атап өткен жөн.

Біріншіден, жеке детективтің іс жүргізу мәртебесі міндетті түрде қылмыстық іс жүргізу заңнамасымен реттелуі керек;

екіншіден, оның іске қатысуы туралы бастама қылмыстық процестің нақты қатысушысынан шығуы керек;

үшіншіден, жеке детектив қылмыстық істің нәтижесіне мүдделі болмауы керек;

төртіншіден, жеке детектив қылмыстық процестің тек көмекші функциясын орындай алады.

Осылайша, процессуалдық өкілеттіктер мен жеке детективтің мәртебесін ескере отырып, оны қылмыстық процеске қатысатын өзге де тұлғаларға жатқызу қажет. Өзге де қатысушыларды үш топқа жіктеудің негізінде біз оның функционалдық міндеттері дәлелдерді жинауға көмектесетін адамдардың қызметімен байланыста деп санаймыз (бірінші топ).

Бұл болжам жеке детективтің қызмет көрсету және ақпарат жинауға немесе қылмыстық істерге қатысты басқа жағдайларды анықтауға байланысты көмек көрсету кезінде қылмыстық процеске қатысушы өзге де тұлғалардың белгілеріне ие екендігіне негізделген. Атап айтқанда, біз келесі ережелер туралы айтамыз:

- Қазақстан Республикасында жеке детективтік қызметті мойындау сот төрелігін объективті жүзеге асыруға, қылмыстық процестің жеке тараптарының құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында тараптардың жарыспалылығы және тең құқықтары қағидатын іске асыруға жағдай жасай алады;

- қылмыстық процестегі жеке детективтің қызметі көмекші функцияларды жүзеге асыруға бағытталған;



- жеке детективтің қылмыстық іс жүргізу құқықтық қатынастарына қатысу фрагментті, өйткені олар жеке детективті жалдауға ниет білдірген тараптың келісімі негізінде пайда болады;

- қылмыстық процеске қатысатын жеке детектив қылмыстық істің барысы мен нәтижесіне қызығушылық танытпауы керек;

- жеке детективтің құқықтық жағдайы жеке детективтің қызмет көрсетуді реттейтін қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нормаларында тікелей реттелуі керек.

**2.2-бөлімде** жеке детективтің қылмыстық іс бойынша қатысуының заңды негіздері, шектері мен тәртібі талданады. Жеке детективтік қызметтерді көрсетудің құқықтық негіздерін анықтау мәселелері қылмыстық процеске ғана емес, сонымен бірге басқа да құқықтық салаларда заңдылық пен негізділікке бақылау жасауға мүмкіндік береді. Қазақстанда жеке детективтік қызметті жүргізу defactоболғандықтан, заңнамалық базасыз, жеке тергеу жұмысында мұндай негіздерді анықтау және бағалау өте қиын.

Егер Қазақстан Республикасында «Жеке детективтік қызмет туралы» заң жобасын қабылдау туралы мәселе оң шешімін табар болса, онда жеке детективтің қылмыстық процеске қатысуы үшін негіздерді заңды және нақты деп анықтауға болады.

Құқықтық негіздер егер олар толық интеграцияланған болса, келесі түрлерден тұруы мүмкін,:

- Қылмыстық іс тергеушінің және анытаушының өндірісінде болуы, іс жүргізуінде заңда белгіленген тәртіппен сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай реестрінде тіркелгені;

- тұлға міндетті түрде қылмыстық процесстің қатысушысы статусына ие болуы;

- жеке детектив пен қылмыстық процеске қатысушының тиісті қызметтерді көрсетуге келісім-шарттың болуы;

- тұлғаның жеке детективтік (детективтік) қызметті жүргізуге лицензиясы (рұқсаты) бар;

- жеке детективтің белгілі бір қызмет түріне құзіреттілігі.

Жеке детективтің нақты себептері мыналар болуы мүмкін:

- қылмыстық процеске қатысушы-тапсырыс берушіге қатысты нақты ақпарат көздерінің болуы;

- дәл осы детективтік әрекеттің қажеттілігін дәлелдейтін нақты дәлелдер;

- белгілі бір детективтік әрекеттің заңнамалық және этикалық жол берілуі;

- жеке детективке жүгінген адамның детективтік қызметтерді қолдануға деген қалауы.

Жеке детективтің қылмыстық іске қатысу шегін анықтау үшін келесі белгілер тән:

- жеке детективтің нақты қылмыстық іске қатысушы-тапсырыс берушіні қызықтыратын дәлелдеу объектісінің белгілі бір жағдайлары бойынша нұсқауы;

- қылмыстық процестің нақты қатысушысына жеке детективтің детективтік қызметтерінің түрі мен көлемін, мысалы, объектінің, қарудың, қылмыстық шабуыл жасау құралдарының орналасқан жерін анықтауға, оқиғаның куәгерлерін анықтауға, жеке тұлға туралы ақпаратты ашық көздерден жинауға, құжаттарды ресми қалпына келтіру және т.б. бағытталған.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, жеке детективтік қызметті жүзеге асыратын тұлға заңмен белгіленген жеке өмірге қол сұғу шектеулерін қатаң сақтай отырып, тараптар келіскен шектерде детективтік әрекеттерді жүргізуге және қылмыстық қызмет көрсетуге міндетті. Жеке детектив пен жеке, заңды тұлғалар арасындағы құқықтық қатынастардың пайда болуының маңызды құқықтық негізі, сәйкестік кепілі, белгіленген қызмет тәртібі детективтік қызметтерді көрсету туралы келісім болып табылады. Жеке детективтің қылмыстық істерге қатысуының құқықтық нысаны мен тәртібі нормативтік құқықтық актілермен де, тараптар арасында келісім жасасу арқылы да анықталуы керек. Келісімшарттың негізгі мақсаты - бұл қылмыстық қызметтерді көрсетуде жеке детективтің іс-әрекетін заңға сәйкес қатаң түрде реттеуге ықпал ету.

Жеке детективтік қызметтің қылмыстық іс жүргізу қатынастарына қатысуына байланысты қызмет көрсету үшін, оның қызметінің нәтижелерін қылмыстық іс жүргізу дәлелдемелерінде пайдалану мүмкіндігі үшін, жеке және заңды тұлғаларға осындай қызмет көрсету құқығына лицензия талап етіледі.

**Үшінші бөлім** «Қазақстан Республикасындағы жеке детективтің қызметін заңнамалық реттеудің перспективалары» деп аталады.

**3.1-бөлімде** қылмыстық істер бойынша жеке детективтік қызметті ұйымдастырудың және әрекет етудің тұжырымдамалық принциптеріне назар аударылған. Қылмыстық сот ісін жүргізудің негізгі мақсаты қылмыстық процеске қатысушы адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және қорғау болып табылады. Қазақстан Республикасындағы қылмыстық сот төрелігін модернизациялау перспективалары және қылмыстық процесті дамытудың негізгі идеясы жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының құқықтық принциптері мен кепілдіктеріне негізделгенін көрсетеді.

Осылайша, болашақта дәл Қазақстан Республикасында жеке детективтік қызметті құқықтық реттеу ғана емес, сонымен бірге жеке детектив қызметінің заңдылығы мәселелерінде де ерекше рөл атқаратын құқықтық принциптердің тұжырымдамалық негіздері болады. Бұл қылмыстық принциптер жүйесі арқылы қылмыстық, азаматтық процесте жеке детектив ретінде адамның конституциялық құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету мен сақтау негіздерін қарастыруға болады. Сонымен қатар, жеке детективтік қызметтің құқықтық принциптері тек реттеуші функцияларды ғана емес, сонымен қатар қорғаныс функциялары мен тәсілдерін де қамтуы керек. Жеке детективтік қызметті ұйымдастыруда заңды кепілдіктер мен принциптер маңызды рөл атқарады, жеке меншік детективтің азаматтарға, ұйымдарға және мемлекеттік емес коммерциялық кәсіпорындарға қызмет көрсету тетігінің жоғары моральдық-құқықтық жағын қамтамасыз ете алатын осы

институттар. Сондықтан, құқықтық кепілдіктер мен қағидаттар құқықтық қатынастар процесінде, оның ішінде қылмыстық процесстегі жеке тұлғаның құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету және сақтау жүйесінде бастаушы орын болуы керек.

Осылайша, қоғамдық қатынастардың осы түрін реттейтін заңға көтерілген жеке детективтік қызметтің құқықтық принциптері белгілі бір құқықтық кепілдіктер жүйесін қамтамасыз ететін мемлекеттің ерікті актісі ретінде әрекет етеді. Жеке детективтік қызметтің қағидалары құқықтық кепілдік беру құралы ретінде дербес бола алмайтындығын атап өткен жөн. Оларды жүзеге асыру құқықтық қатынастардың жаңа субъектісінің - жеке детективтің пайда болуымен байланысты қоғамдық қатынастарды тиісті заңнамалық реттеумен ғана мүмкін болады.

Осы заңнаманың құрылымында жеке тұлғаның құқықтарын құрметтеу және мүдделерін қорғау үшін құқықтық қағидалар тиісті құқықтық кепілдіктері бар нормативті-құқықтық актілер ретінде белгіленуі мүмкін.

Айта кету керек, құқықтық қағидалар да, құқықтық кепілдіктер де өзара тәуелді элементтер болып табылады. Сондықтан жеке тергеу институтының құқықтық принциптерінің тұжырымдамалық негіздерін теориялық зерттеу үшін осы заң институттарын бірлесе қарастыру қажет. Сонымен бірге теориялық деңгейде болашақта Қазақстан Республикасында жеке детективтік қызметті ұйымдастырудың тұжырымдамалық негіздерін біріктіруге мүмкіндік беретін құқықтық принциптердің заманауи тетіктерін әзірлеу қажет. Бұл заңдық талаптар жеке және заңды тұлғаларға жеке детективтік қызмет көрсету процесінде, оның ішінде қылмыстық процессте адам құқықтары мен бостандықтарының бұзылуының алдын алуға кепілдік береді.

Сондықтан, құқықтық принциптер жеке детективтің жұмысын ұйымдастыру жүйесінде тек теория тұрғысынан ғана емес, іс жүзінде де маңызды рөл атқарады. Бұл жорамалдың мәні егер жеке детектив өзінің функционалдық міндеттерін орындау барысында қылмыстық іс жүргізу заңнамасын немесе басқа да нормативтік құқықтық нормаларды елеулі бұзушылықтарға жол берсе, принциптер құқықтық қатынастардың осы субъектісінің тиісті түрде жүргізілуін қамтамасыз ететін құқықтық кепілдік ретінде әрекет етеді.

Принциптер жеке детективтік қызметтің құқықтық жүйесіндегі бастапқы қағидаттар ретінде әрекет етеді, жеке детективтік қызметтерді Қазақстан Республикасы Конституциясының, конституциялық заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын қатаң сақтау жағдайында көрсетуге ықпал етеді. Олардың құрылымында жеке детектив институтын реттейтін бір норма жүйесінде болады, бірақ олардың мазмұны мен бағыты заңмен белгіленген нормалар болып табылады және жеке детективтік қызметпен қызмет көрсетудің құқықтық кепілдіктері мен процедуралық ережелерін анықтау құралы ретінде әрекет етеді.

**Диссертацияның 3.2-бөлімінде** қылмыстық іс жүргізу заңнамасындағы жеке детективтің мәртебесін реттеуге байланысты мәселелер көтерілген. Қылмыстық процеске қатысушыларға дәлелдемелер жинау құқығы ҚР ҚПК-

нің 122-бабының 4-тармағында қарастырылған, «...Дәлелдемелер ретінде қылмыстық іске қосып тігу үшін ауызша да, жазбаша да, не электрондық құжат нысанындағы мәліметтерді, сондай-ақ нәрселер мен құжаттарды күдікті, айыпталушы, қорғаушы, жекеше айыптаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сондай-ақ кез келген азаматтар мен ұйымдар беруге құқылы».

Гипотетикалық түрде, Қазақстан Республикасында жеке детективтік қызметтің заңдылығы жағдайында жеке детектив қылмыстық іс жүргізу қатынастарының субъектілерінің бірі бола алады деп болжауға болады. Жеке детективті тану үшін, мысалы, қылмыстық процесте дәлелдеу кезінде жеке детективтік қызметті реттейтін заңнамалық нормалар қажет. Мұндай нормаларда жеке детективтің өкілеттіктері, оның ішінде қылмыстық процеске қатысушының мүддесі үшін қылмыстық істер туралы ақпарат жинау құқығы да ескерілуі керек. ҚР ҚПК 122-бабы 4-бөлігінің диспозициясы дәлелдеудің тағы бір субъектісі жеке детектив деп толықтырылып, өзгертілуі мүмкін.

Жеке детективтің қылмыстық процестің қатысушыларына келісім-шарт негізінде, өтелмелі негізде ақпарат жинауға көмектесу құқығын беретін заңнамалық реттеу, қызмет көрсету арқылы жеке детектив танымдық әрекеттерді жүзеге асырады деп болжауға мүмкіндік береді, бұл, ең алдымен, қылмыстық іс-әрекеттегі объективті шындықты анықтауға бағытталған болуы керек.

Жеке детективтің қатысуымен байланысты қылмыстық іс жүргізу заңнамасын дамытудың негізгі бағыттарын теориялық зерттеу процедуралық мәртебені анықтауға және оның Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде жеке детектив ретіндегі қызметін бағалауға көмектесетін бірнеше аспектілерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

1 Жеке детективтік қызметті құқықтық реттеу тек нормалар шеңберімен шектелмеуі керек, тіпті егер бұл нормаларда қылмыстық істер бойынша ақпарат жинауға құқық беретін өкілеттіктер болса. Жеке детективтік қызметтің негізгі ережелерін реттейтін нормалармен қатар, бұл қылмыстық процестік заңнамасында да қарастырылуы керек. Бұл құқықтық негіздер мен жеке детективтің қылмыстық іс жүргізу қызметіне қатысу нысандарындағы алшақтық республикада жеке детективтік қызметтің дамуына кедергі келтіретіндігіне байланысты. Оның қылмыстық процеске қатысуын шектеу, алынған мәліметтерді дәлел ретінде пайдалануды қиындатады.

2 Жеке детективтің қатысуының ең қолайлы түрі бұл нақты субъектіні қылмыстық іс жүргізу қызметі аясына тарту және оны қылмыстық іс жүргізу дәлелдемелерінің субъектісі деп тану деп санаймыз. Бұл қылмыстық тергеу органдарының қылмыстық процеске жеке детективтің қатысуы туралы белгісіздікке жол бермеуге ғана емес, сонымен бірге қылмыстық процестің нақты қатысушысының мүддесі үшін өзі жинаған дәлелдемелерді қылмыстық процесті жүргізетін уәкілетті тұлғаға тікелей ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, қылмыстық істер бойынша жеке детективтің қызметін бағалау критерийі барлық дәлелдерге қойылатын талаптар - ұсынылған

ақпараттың және басқа дәлелдердің өзектілігі, іске жіберілуі, сенімділігі мен жеткіліктілігі үшін бірдей болып қала береді.

3 Қылмыстық істі жүргізуші тергеуші мен анықтаушыға жеке детективпен алынған ақпарат пен басқа деректерді қандай тәртіппен беру керек деген мәселені шешуді талап етеді. Жеке детективтік қызметтің нәтижелерін дәлелдемеге айналдырудың ұйымдастырушылық-құқықтық шарттары теориялық түсінуді және заңнамалық шоғырландыруды қажет етеді. Сондықтан, кейінгі ғылыми зерттеулердің мақсаты қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын қорғау мүдделерінде жеке детектив ұсынған ақпаратты дәлелдемелік негізге сүйене отырып, мәжбүрлеп орындаудың ең ұтымды және оңтайлы түрін табу болып табылады.

Біздің зерттеуіміз келесі анықтаманы ұсынуға мүмкіндік береді: «Жеке детективтік қызметтің нәтижелері дегеніміз – қылмыстық-процестік құқық қатынастарына тартылған тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында шарттық өтелмелі негізде детективтік қызметтерді ұсынумен байланысты жеке детективпен ұсынылған қылмыстық істің мән-жайын анықтау үшін маңызды болып табылатын ақпарат, заттар мен құжаттар».

Жеке детективтік қызметтің нәтижелеріне қатысты ұғымдық аппаратты құру Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің «Жеке детективтік қызметтің нәтижелерін қылмыстық істер бойынша дәлел ретінде пайдалану» 126-1 бабымен толықтырылуын көздейді.

Біз осы ереженің мазмұнын былайша көрсетуді ұсынамыз:

- жеке детективтік қызмет нәтижесінде алынған материалдар тергеу және жедел-іздігі шараларын жүргізуде, сондай-ақ қылмыстық процесті жүргізуші орган дәлелдемелерді қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес алынғанын тексергеннен кейін қылмыстық істер бойынша қолдануға;

- детективтік қызметтерді жүзеге асыру барысында қылмыстық процестің нақты қатысушысының мүдделері үшін алынған заттар мен құжаттарды дәлел ретінде пайдалану ҚР ҚПК 112, 113, 125 баптарына сәйкес жүзеге асырылады;

- жеке детективтік қызметтің нәтижесінде жеке детектив тікелей ашқан ақпарат қылмыстық іс бойынша дәлел ретінде куәгер ретінде көрсетілген адамнан жауап алынғаннан кейін пайдаланылуы мүмкін.

#### **Жарияланған ғылыми еңбектер тізімі:**

##### **Scopus мәліметтер базасына кіретін журналда жарияланған мақала**

1) A. Akhpanov, S. Sabitov. R. Shaykhadenov Criminal pretrial proceedings in the Republic of Kazakhstan: Trend of the institutional transformations. Opcion. Venezuela. Arts and Humanities (miscellaneous), Social Sciences (miscellaneous). Universidad del Zulia. Año 33, No. 85 (2018): 107-125 ISSN 10107-1251587/ISSNe: 2477-9385. p. 107-125

##### **ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған басылымдарда жарияланған мақалалар**

2) Сабитов С.М. Қазақстандағы мемлекеттік емес детективтік қызмет пен құқық қорғау органдарының арасындағы байланысты негіздеудің құқықтық

алғышарттары // Заң және мемлекет. Қазақ гуманитарлық заң университеті. 2008. № 4. б.231-240

3) Сабитов С.М. Қазақстан Республикасындағы жеке тергеушінің заңды өкілеттіктерінің қалыптасу перспективалары туралы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Сериялар: Заң. 2017. N 1 (116). б. 334-339

4) Сабитов С.М., Шайхаденов Р.Н. Шетелде жеке детективтік қызметтің қолданбалы мәселелері // Ғылым-Наука: халықаралық ғылыми журнал. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы.2017. N 4 (55). б. 69-78

5) Азаров В.А., Сабитов С.М. Қазақстан Республикасында жеке детективтік қызметтің нормативтік-құқықтық базасын қалыптастырудағы халықаралық нормалардың рөлі // Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Хабаршысы.. Заң сериясы. 2017. N 4 (88). б. 52-59

#### **Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинағында жарияланған мақалалар**

6) Сабитов С.М. Жеке детективтік қызметтің экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы әлеуметтік-құқықтық қатынастары // Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы: экономикалық, құқықтық және басқарушылық аспектілері. Семей: Қайнар университеті, 2008. б.154-156

7) Сабитов С.М. Қазақстан Республикасының қылмыстық сот өндірісінде жеке детективті жіктеудің теориялық көрінісі // Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуы: экономикалық, құқықтық және әлеуметтік аспектілері. Семей: Қайнар университеті. 2009. б.158-161

8) Сабитов С.М. Қазақстан Республикасындағы жеке детективтік қызметтің құқықтық қайнар көздері // Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуы: экономикалық, құқықтық және әлеуметтік аспектілері. Семей: Қайнар университеті. 2009. б. 168-173

9) Сабитов С.М. Қылмыстық істерде мемлекеттік емес детективтік қызметтің нәтижелерін пайдаланудың әлемдік тәжірибесі // Қазіргі кезеңдегі индустриалды-инновациялық даму: жағдайы және болашағы. Павлодар: Инновациялық Еуразия университеті. 2-том. 2009. б. 115-118

10) Сабитов С.М. Қазақстандық қоғамдағы жеке детективтік қызметті дамытудың конституциялық негіздері мен шарттары // Конституционализм институты: дамуы және болашағы. Семей: Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті.2010. б. 148-152

11) Сабитов С.М. Қазақстан Республикасында жеке детективтік қызметті ұйымдастырудағы құқықтық принциптердің гипотетикалық моделі және олардың кепілдіктері // The international Scientific and Practical Congress of Economists and lawyers «The genesis of genius». Geneva (Switzerland). 2014 – Vol-3, p.49-54

12) Сабитов С.М. Қазақстан Республикасында мемлекеттік емес детективтік қызметті жүргізу туралы // Конституция - қоғам мен мемлекеттің серпінді және тұрақты дамуының негізі. Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.2016. б. 356-359

13) Сабитов С.М. Қылмыстық істер бойынша жеке детективтік қызметті ұйымдастыруда қағидалардың маңызы // Жоғары мектеп: Дәстүрлер мен инновациялар. Семей: Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті. 2-том. 2018. б. 234-237

**ҒДРИ индекстелген журналдарда жарияланған мақала**

14) Сабитов С.М. Қылмыстық процесстегі жеке детектив мәртебесін құқықтық реттеу // Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің Хабаршысы. 1-бөлім. Құқықтану. Семей, 2019. № 4 (44). б. 25-30.